

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ  
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТІ  
ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ АУДАРМА ІСІ КАФЕДРАСЫ**

Университеттің Ғылыми кеңесінде  
қаралып, бекітілді.  
№ 9 хаттама.  
«29» 03 2024ж.





Университет ректоры,  
доктор, профессор  
М.Ш. Жинди


2024-2025 оқу жылына арналған  
**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

6B02301-Шетел филологиясы  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(4 жылдық күндізгі бөлім)

АЛМАТЫ, 2024

Білім беру бағдарламасы Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында дайындалып, талқыланды. Хаттама № 8. 26 наурыз 2024 ж.  
Кафедра меңгерушісі Г.К. Рысбаева 

Тілдер және гуманитарлық пәндер факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.  
Хаттама № 8. 27 наурыз 2024 ж.  
Факультет төрағасы Мұхаммад аш-Шаххат әл-Жинди 

Академиялық комитет мәжілісінде талқыланды және мақұлданды.  
Хаттама № 8. 29 наурыз 2024 ж.  
Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.  
Хаттама № 9. 29 наурыз 2024 ж.

## I семестр

### Міндетті пәндер:

- 1) SZhQM 1108 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – 5 кредит
- 2) ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит
- 3) K(O)T 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 4) Ale 1107 Әлеуметтану – 2 кредит
- 5) Saya 1107 Саясаттану – 2 кредит
- 6) BShTPK1 1201 Базалық шетел тілінің практикалық курсы -1 – 6 кредит
- 7) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 8) Mad 1107 Мәдениеттану – 2 кредит
- 9) Psi 1107 Психология – 2 кредит

## II семестр

### Міндетті пәндер:

- 1) ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит
- 2) K(O)T 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 3) KT 1101 Қазақстан тарихы – 5 кредит
- 4) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 5) EShTPK1 1208 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-1 – 5 кредит
- 6) BShTPK2 1202 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-2 – 6 кредит
- 7) OP 1203 Оқу практикасы – 1 кредит

## III семестр

### Міндетті пәндер:

- 1) Fil 2102 Философия - 5 кредит
- 2) IC 2105 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар – 5 кредит
- 3) DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 4) BShTPK3 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3 – 5 кредит
- 5) ТВК 2305 Тіл біліміне кіріспе – 5 кредит
- 6) EShTPK2 2209 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-2 – 5 кредит
- 7) QK 2214 Құран Кәрім – 3 кредит

## IV семестр

### Міндетті пәндер:

- 1) DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 2) BShTPK4 2205 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-4 – 5 кредит
- 3) АК 2304 Әдебиеттануға кіріспе – 4 кредит
- 4) АІК 2301 Аударма ісіне кіріспе – 5 кредит
- 5) EShTPK3 2210 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3 – 5 кредит

6) IsT 1213 Ислам теологиясы – 3 кредит

### Элективті пәндер:

#### 1. OShTM 2215 Оқытылатын шетел тілінің морфологиясы – 3 кредит

**Мақсаты:** Тіл білімінің бір саласы морфология тілдегі түбір мен қосымша, туынды сөз бен кірме сөз, есім сөздер) мен етістіктердің жасалу жолдарын зерттейді, осы арқылы морфологияға қатысты басқа да тақырыптарды қамтып, тілдің толық жүйесін құрауға қатысады. Бұл пәнді оқытудағы мақсат студенттерге оқытылатын шетел тілінің морфологиясын, сөздердің жасалу жолдарын, түбір мен қосымшаны ажырату тәсілдері, оқытылатын шетел тілінің морфологиясына тән формаларды және оның түрлерін, жасалу жолдарын үйрету.

**Мазмұны:** Бұл курста оқытылатын шетел тілінің морфологиясы мен синтаксистік ерекшеліктері студенттің ана тілімен салыстыра отырып, талдау жасалады, оларды меңгеруде кездесетін қиыншылықтары анықталып, оларды шешу жолдары қарастырылады.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** оқытылатын шетел тіліндегі сөз құрылысының түрленуін, бөлшектенуін, әр түрлі өзгеріске түсуін анықтай білу.

**-Білігі:** салыстырылып отырған екі тілдің сөз тіркестерін, сөйлемдердің ерекшеліктерін анықтап, оқытылатын шетел тілінің морфологиясын дұрыс пайдалану дағдысын жетілдіру.

**-Құзыреті:** Бұл курс студенттің қажетті морфологиялық мәселелерді және олардың тіл білімі деңгейлерімен: фонетикалық, грамматикалық, лексико-семантикалық байланыстарын зерттеуге қажетті зерттеу дағдыларын дамытуға, сонымен қатар студенттің тілдік материалды морфологиялық тұрғыдан талдау қабілетін дамытуға бағытталған. Студент лексиканың түрін, мағынасы мен қызметі жағынан әр түрін ажырата алу үшін зат есім мен етістіктің септеу және жіктеу сияқты қазіргі лингвистикалық зерттеулердің нәтижелері туралы түсінік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** BShTPK3 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3

**Постреквизиттер:** Lek 3219 Лексикология

## 2. OShTS 2215 Оқытылатын шетел тілі стилистикасы-3 кредит

**Мақсаты:** Тұлғаны қоғам мен ортаға бейімдеу, әдеби тіл нормаларын, қалыптасқан норма талаптарын берік сақтап, тілдік амал-тәсілдерді сауатты меңгеруіне ықпал жасау, стиль түрлерінің ерекшеліктерін салыстыра отырып, меңгерту.

**Мазмұны:** Студенттер бұл пәнді оқып үйрену барысында стилистиканың негізгі ұғымдары мен категорияларын, оқытылатын тілдің стилистикалық құралдарын және әдеби тілдің функционалды-стильдік тармақтарын жан-жақты, терең игереді. Тілдің стилистикалық байлығы, стилистикалық нормалары, олардың тарихи өзгермелілігі, контекстің стильдік тұрпатына қарай тілдік құралдарды қолдану сияқты мағлұматтар алады.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** оқытылатын тілдегі сөйлеу және кітаби стиль түрлері, синонимдерді қолдану, моно және полисемантикалық сөздерді ажырата және қолдана білу, бейтарап мағына, кітаби мағына және эмоционалды-экспрессивті мағына түрлерін ажыратуды мәтіндер арқылы жаттығып, түсінігін кеңейту.

**-Білігі:** стилистика бойынша теориялық біліммен қаруландырып, дәрісханада және одан тыс жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде студенттердің стилистикалық дағды мен стилистикалық түйсіктерін қалыптастыру.

**-Құзыреті:** Бұл пән оқытылатын шетел тілі стилистикасының түрлерін, мағынасын мен қызметін ашуға бағытталған. Оқытылатын шетел тілінің стилистикасын, оның қызметін, стилистикалық талдау қағидаттарымен және әдістемелерімен таныстырады, студент білім беру жүйесінде әр түрлі стилистикалық жүйелердің ұқсастықтары мен олардың айырмашылықтарын білу және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін тілдік білім жүйесі туралы ғылыми ақпарат алады, оқудың кәсіби және стилистикалық бағытын тереңдетуге бағытталады. Шетел тілінің стилистикасы коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** BShTPK3 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3  
**Постреквизиттер:** Lek 3219 Лексикология

## 1. OShTPGr 2216 Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы

## (бастапқы деңгей) - 5 кредит

**Мақсаты:** Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы дегеніміз - студенттердің тіл құрылымы туралы нақты білімдерін қалыптастыру және олардың ауызша және жазбаша түрде шет тілінің грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу тәжірибелік дағдыларын дамыту; оқитудың педагогикалық бағыты жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау; білім беру қызметіне жауапкершілік сезімі мен саналы қатынасын қалыптастыру;

**Мазмұны:** Оқыту бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін көлемдегі кең таралған грамматикалық формалар мен құрылымдарды білу; бағдарлама талаптары шеңберінде шетел тілінің әртүрлі грамматикалық формалары мен құрылымдарын қалыптастыруды меңгеру; тыңдауға ұсынылған аудиомәтіндердегі оқылған грамматикалық формалар мен құрылымдарды түсіну, алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын практикада қолдана білу.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студент шет тіліндегі материалдарды оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу арқылы шетел тілінің грамматикасын игеруі керек.

**-Білігі:** Жеке сөйлемдерді, мәтіндерді грамматикалық тұрғыда талдай білу.

**-Құзыреті:** Бұл пән студентке оқытылатын шетел тілінің грамматикалық құрылымы туралы түсінік береді, сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлемдерді дұрыс құрауға үйретеді. Сондай-ақ студенттерде тілде болып жатқан тілдік құбылыстар мен процестер туралы түсінік қалыптасады. Оқу нәтижесінде студенттер грамматикалық білімді, грамматикалық категорияларды және шетел тілінде ауызша және жазбаша сөйлеуді үйренудегі грамматиканың рөлі мен қызметі туралы ұғым қалыптасады, морфологиялық, синтаксистік талдау жасай алады, ана тілінің грамматикалық құрылымын оқытылатын шетел тілінің грамматикалық құрылымымен салыстырып, ажырата алады.

**Пререквизиттер:** BShTPK3 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3  
**Постреквизиттер:** Lek 3219 Лексикология

## 2. MShT 2216 Мамандандырылған шетел тілі – 5 кредит

**Мақсаты:** Мамандандырылған шетел тілі пәні бағдарламасы білім алушыларды жұмыс

берушілердің талаптарына сай, нарықта сұранысқа ие мамандарды даярлауға бағытталған. Оқытылатын шетел тілдер аясындағы мамандарды даярлау және мамандық негізіне бағыттала отырып, өз мамандықтарында шетел тілінде сөйлей алу қабілеттерін қалыптастыру. Білім алушыға өз мамандығының аясында арнайы мақсатта шетел тілін меңгерту.

**Мазмұны:** Мамандандырылған шетел тілі пәні білім алушылардың кәсіби және тұлғалық өсуі үшін өзін-өзі жетілдіру дағдыларын меңгертуге, сонымен қатар, білім алушыларды мамандандырылған мәтіндерді түсіне алу қабілеттерін дамытуға, мамандандырылған мәтіндерді аударуға және грамматикалық ерекшеліктерін үйретуге бағытталған.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Білім алушылар шетел тілінде өз мамандықтары бойынша жобалық практикалық жұмыс жасай ала отырып, ауызша немесе жазбаша тілдік коммуникацияны қолданып, өзіндік іс-әрекетін дамытып, өз мамандығына қызығушылығын арттырады және өз мамандықтары бойынша лексикалары мен термин сөздерді біліп шығады..

**-Білігі:** Білім алушы мамандандырылған шетел тілі пәні бойынша түпнұсқада берілген мәтінді дұрыс оқу дағдысын қалыптастыруды, мәтінге талдау жасау ептілігін толыққанды түсініп, ақпаратты бір жүйеге келтіруді, мамандығына сай келетін әдебиетті дұрыс аударуға білуді және мәтінге аңдатпа мен оның қысқаша мазмұнын жаза алуға қалыптасады.

**-Құзыреті:** Бұл пән студенттерде шетел тілін оқыту процесінде мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін, мамандық бойынша шетел тіліндегі мәтіндерді түсіну және құрастыру қабілетін қалыптастырады, мамандандырылған кәсіби шетел тілін меңгеруге бағыттайды, студенттердің жеке қасиеттерін дамытады, шетел тіліндегі елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес дискурстың және сөйлеу стратегиясының әртүрлі түрлерін қарастырады.

**Пререквизиттер:** BShTPK3 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3

**Постреквизиттер:** Lek 3219 Лексикология

1) BShTPK5 3206 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-5 – 5 кредит

#### **Элективті пәндер:**

#### **1. EShTPK4 3309 Екінші шетел тілінің практикалық курсы - 4 - 5 кредит**

**Мақсаты:** Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы дегеніміз - студенттердің тіл құрылымы туралы нақты білімдерін қалыптастыру және олардың ауызша және жазбаша түрде шет тілінің грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу тәжірибелік дағдыларын дамыту; оқытудың педагогикалық бағытын жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау; білім беру қызметіне жауапкершілік сезімі мен саналы қатынасын қалыптастыру;

**Мазмұны:** Оқыту бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін көлемдегі кең таралған грамматикалық формалар мен құрылымдарды білу; бағдарлама талаптары шеңберінде әртүрлі грамматикалық формалар мен құрылымдарды қалыптастыру; тыңдауға ұсынылған аудиомәтіндердегі оқылған грамматикалық формалар мен құрылымдарды түсіну, алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын практикада қолдана білу.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студент шет тіліндегі материалдарды оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу арқылы шетел тілінің грамматикасын игеруі керек.

**-Білігі:** Жеке сөйлемдерді, мәтіндерді грамматикалық тұрғыда талдай білу.

**-Құзыреті:** Бұл пән арнайы мақсатта екінші шетел тілін оқытудың ерекшеліктерін, тарихи дамуының негізгі кезеңдерін және арнайы мақсатта екінші шетел тілін оқытудың әдістемесін, екінші шетел тілін оқытудың отандық және шетелдік жүйесін, заманауи технологияларды оқуға бағытталған, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру, қазіргі сабақ түрлері мен ерекшеліктерін, арнайы мақсатта екінші шетел тілі саласындағы сөйлеу-когнитивтік әрекетті дамыту қарастырылады.

**Пререквизиттер:** EShTPK3 2210 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3

**Постреквизиттер:** EShTPK5 3224 Екінші шетел тілінің практикалық курсы - 5

## 2. EShTG 3309 Екінші шетел тілінің грамматикасы (бастапқы деңгей) – 5 кредит

**Мақсаты:** Оқытылатын екінші шетел тілінің практикалық грамматикасы дегеніміз - студенттердің екінші шетел тілі құрылымы туралы нақты білімдерін қалыптастыру және олардың ауызша және жазбаша түрде екінші шетел тілінде грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу тәжірибелік дағдыларын дамыту; оқытудың педагогикалық бағытын жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау; білім беру қызметіне жауапкершілік сезімі мен саналы қатынасын қалыптастыру;

**Мазмұны:** Оқыту бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін көлемдегі кең таралған грамматикалық формалар мен құрылымдарды білу; бағдарлама талаптары шеңберінде екінші шетел тілінің әртүрлі грамматикалық формалары мен құрылымдарын қалыптастыруды меңгеру; тыңдауға ұсынылған аудиомәтіндердегі оқылған грамматикалық формалар мен құрылымдарды түсіну, алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын практикада қолдана білу.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студент шет тіліндегі материалдарды оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу арқылы шете тілінің грамматикасын игеруі керек.

**-Білігі:** Жеке сөйлемдерді, мәтіндерді грамматикалық тұрғыда талдай білу.

**-Құзыреті:** Бұл курс студенттерге мәтіндерді талдау дағдыларын қалыптастырумен қатар, шетел мәтіндеріндегі жалпы идеяларды түсіндіруге бағытталады. Бұл курстың соңында студент өз көзқарасын әртүрлі өзекті мәселелердің бірімен және артықшылықтарымен түсіндіре алады. Күрделі грамматикалық қағидалар формаларын мысал келтіре отырып практикадағы қолданысын ұсынады.

**Пререквизиттер:** EShTPK3 2210 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3

**Постреквизиттер:** EShTPK5 3224 Екінші шетел тілінің практикалық курсы - 5

## 1. SF 3219 Салыстырмалы фразеология – 5 кредит

**Мақсаты:** Сөздердің мағынасы мен шығуын, тұрақты тіркестердің, оның ішінде

салыстырмалы фразеологияның, құрамы мен құрылысын, олардың стильдік мәні мен сипаты жайында, қолдану қабілеті, сөздік құрам жайында мағлұмат беру.

**Мазмұны:** мағынаның ара жігін салыстырмалы фразеологияның өзіне тән белгілерін тұлғалық, мағыналық ерекшеліктерін, түрлерін, құрамы мен құрылысы.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** салыстырмалы фразеологияның лексикалық стильдік қолданысын біледі.

**-Білігі:** оқу кәсіби міндеттерін шешу үшін ғылыми ақпаратты жинауда және талдауда заманауи ақпараттық және коммуникативтік технологияны пайдалана отырып тіл фразеологиясын оқытудың кәсіби практикалық танымын және дағдыларын қалыптастырады.

**-Құзыреті:** Бұл курс шетел тілі жүйесіндегі фразеологиялық бірліктердің ұйымдастырылуын, құрылымы мен қызметіндегі жалпы принциптерді меңгеруге, студенттерге туыс емес тілдердің лексикалық-фразеологиялық жүйесін салыстырмалы зерттеу әдісімен таныстыру арқылы әмбебап және ерекше бірліктің негізінде ұйымдастырылған белгілі бір тілдің лексикалық-семантикалық және фразеологиялық жүйесі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған.

**Пререквизиттер:** OShTPGr 2216 Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы

**Постреквизиттер:** BShTPK6 3223 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

## 2. Лек 3219 Лексикология - 5 кредит

**Мақсаты:** студенттерді шетел тілдердің қазіргі лексикологиямен, тіл атаулының лексикалық жағына тән құбылыстармен, заңдылықтар мен ұғымдармен таныстыру

**Мазмұны:** Сөздің лексикалық жүйесіндегі орны, шығу тарихы, құрамы, сөздік құрамы, сөздік құрамның даму жолдары, лексиканың стилистикалық жақтан дифференциалануы, сөздердің қолдану аясы.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** лексикологияның негізгі бірліктерін; функцияларын және негізгі сөздердің ерекшеліктерін біледі

**-Білігі:** лексикология және сөзжасам теориясы бойынша ғылыми еңбектерді өз бетінше пайдалану;

**-Құзыреті:** Бұл пән сөздік қорын дамыту, сөздің және сөздер тобының пайда болуын, мағыналық байланыстарын және дыбыстық формасы мен мағыналарының дамуын зерттейді, студенттердің сөздікпен жұмыс жасау біліктіліктерін қалыптастырады, шетел тіліндегі сөздіктердің түрлері мен ерекшеліктеріне тоқталады, сөздік мектептерінің ғалымдары мен еңбектеріне шолу жасалады, қазіргі замандағы ауқымды сөздіктермен, тақырыптық сөздіктермен танысып, оларды меңгереді.

**Пререквизиттер:** OShTPGr 2216 Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы

**Постреквизиттер:** BShTPK6 3223 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

### 3. TI5MTM 3214 Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті – 5 кредит

**Мақсаты:** Студенттің тарихи санасын қалыптастыру, мұсылман түркі халықтары тарихының мәселелерімен шұғылдануға бағыттау. Тарихи даму дәуірлері, халықтардың этникалық дамуы туралы ғылыми түсініктерді тереңдету.

**Мазмұны:** Исламға дейінгі түркілердің тарихына шолу. Түркілердің исламды қабылдауына дейінгі түркі-араб қатынастары. Түркілердің мұсылмандану процесі. Толунұлдары мемлекеті. Ихшидилер мен Саджұлдары мемлекеті. Саманилер мемлекеті, тарихы мен мәдениеті. Ғазнауилер мемлекеті. Қарахан мемлекетінің саяси тарихы. Қарахан мемлекетінің мәдениеті. Еділ Бұлғар хандығы. Селжұқтар мемлекетінің саяси тарихы. Селжұқтар мәдениеті. Мәмлүктер мемлекеті, тарихы мен мәдениеті. Хорезмшахтар мемлекетінің саяси тарихы. Алтын Орда мемлекеті, тарихы мен мәдениеті.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Түркі халықтарының ислам дінін қабылдау үдерісін, мұсылман мемлекеттерін құруларымен қатар, олардың мәдени және саяси тарихын меңгереді.

**-Білігі:** Түркі ислам мемлекеттерінің саяси тарихы мен мәдениеті туралы мәліметтерді игереді.

**-Құзіреті:** Қазақстан және жапсарлас аймақтардағы этникалық және мәдени құбылыстарды ажырата алады.

**Пререквизиттер:** OShTPGr 2216 Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы

**Постреквизиттер:** BShTPK6 3223 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

### 1. MQQTP 3220 Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы және практикасы - 5 кредит

**Мақсаты:** студенттерді мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйретуде лингвоелтанымдық ақпаратты қолдану әдістемесін теориялық негіздеу және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

**Мазмұны:** Жоғары оқу орнын бітірген түлектердің сапалық сипаттамаларының негізгі талаптарының бірі – дүниетанымды және әдіснамалық мәдениетаралық шет тілін білу. Ол әлемді танудың түрлі жолдарын, белсенді, жетілген тұлғаны қалыптастыруды, басқа да мәдениеттер өкілдерімен іс-қимылға лайықты әрекет ете алатындығын қамтамасыз етуге арналған. Болашақ маманның қалыптасуының тек қана кәсіби білімі мен дағдыларын ғана емес, сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты кәсіби құзыреттілік үшін маңызы зор. Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік болашақ филологтарға өз білімдерін жақсартуға көмектеседі, оның мансабында икемді, бәсекеге қабілетті және табысты болуға мүмкіндік береді.

#### **Нәтиже:**

**-Білімі:** салыстырып отырған мәдениеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, мәдениетаралық қарым-қатынастың әр түрлі ситуациясына сәйкес қимыл көрсете алатын қимыл стратегиясын білу.

**-Білігі:** тіл мен мәдениеттің өзара байланысына негізделген мәдениетаралық біліктілік қалыптастыру.

**-Құзыреті:** Бұл пән мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының даму тарихы, мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің қазіргі тенденциялары, коммуникацияның вербалды және вербалды емес түрлері туралы терең

білім беруге бағытталған; тіл мен мәдениеттің жаһандану үдерісіне тұтас көзқарасты қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** OShTPGr 2216 Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы

**Постреквизиттер:** BShTPK6 3223 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

## 2. EIt 3220 Елтану – 5 кредит

**Мақсаты:** Студенттерді дүние жүзі аймақтары мен елдерінің физикалық-географиялық, мәдени-тарихи, рекреациялық ресурстары мен экономикалық-әлеуметтік, саяси жағдайларымен, олардың елдердегі туристік саланың дамуына әсерімен таныстыру.

**Мазмұны:** Елтану курсы бұл – дүниежүзі аймақтарындағы мемлекеттердің тарихы, табиғаты, халқы, мәдениеті, экономикасы т.б туралы қызықты мәліметтермен таныстыратын курс. Курс пәнаралық болып табылады және де филология бағытындағы студенттерінің география, тарих, саясаттану, мәдениеттану ғылымдары аясындағы білімдерін жетілдіреді.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Аймақтардағы қазіргі кездегі халықтардың дамуы мен болашағы және де оған әсер ететін мәдени ресурстармен, мәдени рекреациялық жүйе туралы түсінік қалыптастыру. Кешенді елтанулық сипаттаманың әр бөлімі үшін түсініктер мен терминдердің анықтамасын беру. Елтанулық кешенді құрайтын әрбір компоненттің өзара байланыстары мен тіл біліміне әсерлерін айқындау. Студенттерді болашақтағы тіл білімінің және мәдениеттің даму тұрғысынан елдердің ерекшеліктеріне кәсіби баға беруге үйрету.

**-Білігі:** студенттер дүниежүзі елдеріндегі физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, геосаяси, мәдени-дінтанушылық ерекшеліктер туралы көзқарастар қалыптастырып, және де аталмыш елдердегі мәдениетаралық тәжірибелік дағдыларды меңгереді.

**-Құзыреті:** Бұл пән оқытылатын тілдің елдері мен мәдениеттерін жан-жақты зерттейтді. Пәнді оқу барысында студенттер елдердің тарихи даму ерекшеліктерімен, әлем елдерінің бірегей табиғатымен, халықтың нәсілдік және этникалық құрамымен, салт-

дәстүрлерімен, халықтардың өмірімен, көрнекті орындар мен мәдени нысандарымен, мемлекеттердің мәдениеті мен саяси ұйымының ерекшеліктері туралы түсінігін қарастырады.

**Пререквизиттер:** BShTPK4 2205 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-4

**Постреквизиттер:** OShTKhA 3217 Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті

## 1. IShT 3221 Іскерлік шетел тілі – 5 кредит

**-Мақсаты:** Халықаралық байланыстар арқылы іске асырылған мамандарды болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындау. Шетел тіліндегі терминдермен сөздік қорын игеру, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдысы мен тәсілдеріндегі меңгерген біліктілігін күделікті сөйлеу барысында кәсіптік қарым-қатынаста қолдана білу деңгейін қалыптастыру.

**Мазмұны:** Курс ұсынып отырған тақырыптар тек меңгерген материалды тереңдете ғана қоймай, қосымша тақырыпшалар енгізу, сондай-ақ, ситуациялық коммуникативті тапсырмалар пікірталас жүргізе білу. Тақырып пен тақырыпшаларды өту кезегі студенттердің өзіндік жұмысы және аудиториялық жұмыстарын есепке ала отырып, кафедралармен студенттерді іскерлік шетел тілін үйрету практикасының нақты шарттары мен қажеттіліктеріне байланысты реферат, резюме, аннотация жазу дағдыларын жетілдіреді.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Студенттердің маңызды арнайы кәсіби салада білімдер мен қабілеттерді, халықаралық концепцияда бағыт табуы біліп шығады.

**-Білігі:** шетел тілінде іскери қарым-қатынас құрылысы мен мазмұны қабілеттерін қалыптастыру.

**-Құзіреттері:** Бұл пәннің мақсаты-өмір мен кәсіби қызметтің практикалық талаптарына байланысты жазбаша және ауызша іскери сөйлеу саласында студенттердің сөздік қорын дамыту, мамандарды халықаралық байланыс арқылы жүзеге асырылатын болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындау үшін оқу және жазу дағдыларын, сөйлеу және тыңдау дағдыларын қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** BShTPK4 2205 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-4



**Постреквизиттер:** AMShT 3222  
Академиялық мақсаттағы шетел тілі

## 2. ShTIQZh 3221 Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу – 5 кредит

**Мақсаты:** шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізудің құжаттарын сауатты жазып, оның түрлерін білуге үйрету, құжаттарды толтырудың ережесіне қойылатын талаптарын, безендірілуін жете меңгерту, іс-қағаздардың стилінің ерекшеліктерімен таныстыру.

**Мазмұны:** Шетел тілінде іс-қағаздарын жүргізудің нормативтік талаптарын, оны ұйымдастыру, құжаттау, құжаттарды дайындаудың негізгі ерекшеліктері.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Шетел тілінде ұжымдық мекемелердің басқару аппараттарында, іс-қағаздарды ұйымдастыра білуге, оқи және жаза білуге, түсіне алу ерекшеліктерін қалыптастыру.

**-Білігі:** шетел тілінде іс-қағаздарды оқып, жаза білуі, іс-қағаздардың түрлерін ажырата білуі және құжаттарды сауатты жаза білуі тиіс.

**-Құзыреті:** Бұл пән практикалық және тәрбиелік мәнге ие, білім беру бағдарламаларында көрсетілген тақырыптар бойынша студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастырады, студенттерді іскерлік қатынастар мәдениетінің тілдік негіздеріне, іс қағаздарын сауатты толтыруға үйретеді.

**Пререквизиттер:** BShTPK3 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3

**Постреквизиттер:** AMShT 3222  
Академиялық мақсаттағы шетел тілі

## 1. AA 3218 Әлем әдебиеті – 5 кредит

**Мақсаты:** Еуропа, Азия, АҚШ әдебиетінің дамуы, әдеби ағым-бағыттар туралы түсініктерін қалыптастыру, әлемдік әдеби шығармаларды талдау.

**Мазмұны:** Әлемдік әдеби шығармаларды талдап, жанрын, бағытын, көркемдік ерекшеліктерін анықтау қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ пән аясында әлем әдебиеті бойынша негізгі зерттеулер мен оның мәселелері қамтылып, дүниежүзілік әдеби жанрлардағы классикалық шығармалардың мазмұны мен жанрлық-стильдік ерекшеліктері зерделенеді, салыстырмалы-салғастырмалы талдау, әр

жылдардағы өнер туындыларын уақыт пен кеңістік ескеріле отырып өз бетінше талдау дағдылары қалыптасады.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Әлемдік әдебиет өкілдері шығармаларымен, негізгі зерттеулермен танысады, дүниежүзілік әдебиеттің түрлі жанрлары мен ағым-бағыттарын талдаудың теориялық мазмұны туралы түсінік қалыптасады.

**-Білігі:** Әдеби шығармаларды талдап, жанрын анықтау қабілеті дамиды, шығарманың бағытын анықтауды, әдеби ағымдар мен бағыттарға талдауды меңгереді.

**-Құзыреті:** Бұл пән студенттердің еуропалық әдебиет пен АҚШ әдебиетінің дамуы, әдеби ағымдар туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған, студенттердің әлемдік көркем әдебиет шығармаларын талдап, жанрын анықтау қабілетін дамытуға, сондай-ақ әдебиеттің әдеби бағытын анықтауға ерекше көңіл бөледі.

**Пререквизиттер:** АК 2304 Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер:** OShTKhA 3217  
Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті

## 2. OShTKhA (F) 3218 Оқытылатын шетел тілінің халық әдебиеті (фольклор) – 5 кредит

**Мақсаты:** Фольклордың пайда болу себептері. Оқытылатын шетел тілі халық әдебиетінің бастапқы жанрлары, фольклорлық сюжеттер, мотив, ана тіліндегі баламаларын қалыптастыруға бағытталған.

**Мазмұны:** Оқытылатын шетел тілде сөйлейтін халықтардың ауызша көркем шығармалары, олардың дүниетанымдары, жоғары мұраттары мен аңыздық бейнелері жайындағы мәліметтер қамтылады.

### **Нәтиже:**

**-Білімі:** Оқытылатын шетел тілі халық әдебиеті тарихын, пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдерін білу.

**-Білігі:** Рәсімдік және күнтізбелік халық шығармалары, ертегілер, аңыздар, тарихи әндер, бесік жырлары, мақалдар, жырлар білу.

**-Құзыреті:** Бұл пән де вербалды және вербалды емес фольклор, фольклордың пайда болу себептері, оқытылатын шетел тілі халық әдебиетінің бастапқы жанрлары,

фольклорлық сюжеттер, мотив, ана тіліндегі баламалары, сөздік, музыкалық, театрлық фольклор, оқытылатын тілде сөйлейтін халықтардың ауызша көркем шығармалары, олардың дүниетанымдары, жоғары мұраттары мен аңыздық бейнелері, фольклор эволюциясы, рәсімдік және күнтізбелік халық шығармалары., ертегілер, аңыздар, тарихи әндер, бесік жырлары, мақалдар, жырлар қарастырылады.

**Пререквизиттер:** АК 2304 Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер:** OShTKhA 3217 Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті

### 3.KIs 3220 Қазақстандағы ислам – 5 кредит

**Мақсаты:** Қазақстандағы исламның таралу тарихын білу; Құқықтық мәзһабтардың дәстүрге қатысты ұстанымдарын анықтау;

**Мазмұны:** Қазақ топырағына исламның таралу ерекшелігіне тоқталу, діни үкімдердің дәстүрге айналу кезеңдеріне мән беру; исламның таралу ерекшелігіне, тарихи кезеңдеріне мән беру

**Нәтиже:**

**-Білімі:** дін исламның қазақ топырағындағы даму динамикасы мен түркілік дүниетанымымен сабақтастығын, қарым қатынасын үйлесімділікте зерттеу;

**-Білігі:** Қазақ дәстүрі және дәстүрлі дініміз арасындағы тығыз байланысты меңгеру;

**-Құзіреттері:** отандық дінтану ғылымының қазақи құндылықтарын ескере отырып ғылыми зерделеу

**Пререквизиттер:** АК 2304 Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер:** OShTKhA 3217 Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті

## VI семестр

### 1. OnP1 3207 Өндірістік практика-1 - 5 кредит

Элективті пәндер:

OShTKhA 3217 Оқытылатын шетел тілі

### халықтарының әдебиеті – 5 кредит

**Мақсаты:** Шетел әдебиетінің қалыптасуы мен әртүрлі ғасырлардағы маңызды этаптарын үйрету, поэмалары мен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздер сияқты прозалық шығармаларын меңгеру.

**Мазмұны:** Мәтінмен жұмыс түрлерін жүргізіп, жұмысты саралау, талдау әдісі амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау. Оқытылатын шетел тілі халқының тарихи дамуы, оның қазіргі жағдайы, соның ішінде негізгі зерттелетін тіл елдеріндегі әдеби процестің кезеңдік жүйесі жайындағы мәліметтерді оқуға бағытталған.

**Нәтиже:**

**-Білімі:** Шетел әдебиеті тарихын, пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдерін біледі.

**-Білігі:** Алған әдебиеті білімін тәжірибемен сәйкестендіру, күнделікті өмірде пайдалана алу, салыстырмалы түрде Отандық әдебиетпен ұштастыра білу.

**-Құзыреті:** Шетел әдебиеті тарихын салыстыра зерттеп, негізгі даталарын, тарихи оқиғаларды саралау.

**Пререквизиттер:** MQQTP 3220 Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы және практикасы

**Постреквизиттер:** AS 4312 Әдеби сын

### 2. OShTQZA 3217 Оқытылатын шетел тілінің қазіргі заманғы әдебиеті – 5 кредит

**Мақсаты:** Бұл пән студенттер арасында оқытылатын пәннің негізгі ұғымдарын, анықтамаларын және категорияларын, оқытылатын шетел тілі халықтары әдебиетінің қалыптасу тарихын, оның әдебиетіне әсер еткен осы елдің мәдениетін, дәстүрін қалыптастыруға бағытталған.

**Мазмұны:** Оқытылатын шетел тілі халқының тарихи дамуы, оның қазіргі жағдайы, соның ішінде негізгі зерттелетін тіл елдеріндегі әдеби процестің кезеңдік жүйесі жайындағы мәліметтер қарастырылады.

**Нәтиже:**

**-Білімі:** Шетел тілінің қазіргі заман әдебиетінің қалыптасуы мен ерекшеліктері, маңызды этаптарын үйрену, поэмалары мен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздер сияқты прозалық шығармаларын меңгеру.

**-Білігі:** Оқытылатын шетел тілі халқының әдебиеті білімін тәжірибемен сәйкестендіру,

күнделікті өмірде пайдалана алу, салыстырмалы түрде Отандық әдебиетпен ұштастыра білу.

**-Құзыреті:** Бұл пәнді оқу барысында оқытылатын тіл халқының қазіргі замандағы көркем әдебиет шығармаларын талдау дағдысын қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** МҚҚТР 3220 Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы және практикасы

**Постреквизиттер:** AS 4312 Әдеби сын

### **3.KODT 3313 Қазақ ойшылдары дін туралы – 5 кредит**

**Мақсаты:** Ойшыл, ойшылдық, даналық ұғымдарын ашып көрсету.

**Мазмұны:** Қазақ топырағынан шыққан ортағасырлық ғұламалар мен хандық кезеңдегі жыраулар поэзиясы, зар заман ақындары мен соңғы ғасырда ыдана-ойшылдардың шығармаларындағы діни көріністерді қарастыру. Астарына үңіліп, талдау жасау.

#### **Нәтиже:**

